

100 EGDN QAZAQSTAN

Дара дауысты дарын

Биылғы 1 тамыз және 30 қыркүйек күндерінде «Egemen Qazaqstan» газетінен дауысы да, тағдыры да бөлек әнші Ерік Құрманғалиев жайында еki дүркін мақала оқыған соң әлемнің білікті музика мамандары ерекше құбылыс атаған сахна саңлағының тамаша таланттымен, сирек кездесетін дауысымен, қол жеткен табыстарымен Қазақстан оқырмандарын алғаш рет таныстырған жұбайым Сапар Байжанов екеуміз екеніміз есіме түсті. Әр нәрсенің бір ойламаған жерден сәті түсетіні бар. Әңгімені содан бастағанды жөн көрдім.



Уш ұлымыздың кішісі Ерлан Байжанов Мәскеудің Ломоносов атындағы университетін ұздік бітірген соң аспирантурасын 1989 жылы аяқтап диссертация қорғайтын болды. Аналық жүргегім алабұртып, жанкүйер болып, қорғауына қатысқым келді. Ол кезде мен «Мәдениет және тұрмыс» «Парасат» журналының бөлім меңгерушісі қызметінде едім. Тәуекелге бел байлап, бас редакторымыз белгілі журналист, қоғам қайраткері Камал Смайловқа кіріп, осы ойымды білдіріп, бір апта өз есебімнен демалысқа сұрандым.

Кәмекең сәл ойланып отырды да «Сапекең де бара ма?» деп сұрады. Мен Сапекенің Ереван қаласында өтетін архивистердің бүкілодақтық жиынына кеткенін, бұйырса қайтарында Мәскеуге соғатынын айттым. Сол-ақ екен Кәмекең маған: «Күлеке, сізге демалыс емес бір апта командировка

берейін, «Мәскеудегі қазақтар» деген тақырыпқа материал ұйымдастырып келініз», демесі бар ма.

Мәскеу сияқты үлкен қалада қанша қазақ барын анықтауға 3-4 күн аздық ететінін ойлап жатқан мен жоқ, баламның диссертация қорғауына қатысатыныма қуанып, келісе кетіппін.

Ертесінде диссертацияны қорғау жиынын университеттің журналистика факультетінің деканы, ғылыми кеңестің төрағасы профессор, доктор Я.Н.Засурский жүргізіп отырды. Ерлан өте жақсы қорғап шықты, қуанышмызда шек жоқ.

Көніліміз орнына түсіп, өзіміз орналасқан Қазақстанның Мәскеудегі өкілдігінің қонақүйіне келген соң Сапекеңе бас редактордың маған арқалатып жіберген тапсырмасы жайында айттым. Сапекең: «Бұл үлкен тақырып қой, қалған 2-3 күнде үлгере алар ма екенсің?» деп ойланып қалды. Бір уақытта жүр, екеуміз өкілдіктің басшысы Серікболсын Әбділдиннің қабылдауына барайық деді. Ол кісі бізді жылы қабылдады. Маған жүктелген тапсырманы естіген соң өзі билетін біраз азаматтарды атады, қайда жұмыс жасайтынын айтты, әрі олармен кездесу үшін машина бекітіп берді. Бұған біз барынша ризашылық білдіріп, сол күннен бастап тапсырмаға кіріспін кеттік. Алдымен тақырыпты бөлісіп алдық. Бұған дейін Ерік Құрманғалиев жайында бейхабармыз. Мен Әлия Молдағұлова атындағы мектепке, ондағы қазақтың батыр қызына арналған мұражайға бару үшін өкілдікке жақын жердегі метроға бет алдым, Сапекең Нұртас Ондасынов ақсақалға жолығуы керек. Жол-жөнекей үлкен хабарламаға көзім түсті. Оnda В.Чайковский атындағы консерваторияның үлкен залында әлемдік музика саласындағы аса беделді маман Н.Л.Дорлияктың 80 жылдығына арналған шәкірті Ерік Құрманғалиевтің концерті болатын күні, басталатын уақыты жазылған екен. Міне, керек болса тағы бір атақты қазақпен кездесетін болдық, концертке осындағы қандастарымыз да келетін болар деп қуанып кеттім. Сапекең Н.Оңдасыновпен кешкісін кездесуге келісіп қойған екен, концертке мен жалғыз тарттым. Концерттен жарты сағат бұрын барып залға жайғастым, құшағымда қомақтылау екі букет гүл бар. Залдың қызметшісі болар, маған концерт аяқталғанша гүліңізді ыдысқа салып орналастыра тұрайын демесі бар ма? Бұл да бір дұрыс іс екен деп, гүлді ұстата салдым.

Концерт басталғанша залға келушілерге және отырғандарға қаракөз қандастарымыз көріне ме екен деген үмітпен қараймын, ондай ешкім көзге түсे қоймады. Ой, қайран қазекем-ай, жерлесіміздің өнерін тамашалайық, жанкүйер болайық деген ойларыңа келмейді-ау деп күйініп те қоямын.

Сондай күйде жалтақтап отырғанымда сахнаға орта бойлы, ашаң жұзді, шашы иығына түскен жас жігіт жарқ етіп шыға келді, сатыrlаған шапалақ залды кернеп кетті. Шамасы әншінің өнерімен мәскеуліктер әжептәуір таныс, хабардар сияқты. Біз неге білмей жүргенбіз деген ойлар да келіп-кетеді. Оркестр ойнап бастағанда ер адамнан бұрын-сонды естіп-көрмеген сыйызғы үндес күшті әрі өте жінішке, музика ырғағына сай құбылған ғажайып дауысқа таң-тамаша қалдым. Мұндайда дауыс болады екен-ау. Музыкадағы тенор, сопрано, контратъ бар дауыстар болатынын естуім бар еді, бұл биік

диапазонды жіңішке дауыс соның қайсысына жатады деген ойлармен қызыға тындағым. Әншінің орында жатқан партиялары оңай емес, әншінің орындауында музика ырғағына сай икемділігі, дауыстың техникалық құбылмалылығы орындаушының шеберлігін паш еткендей. Музыканың небір классикалық құрделі де қын тұстарына келгенде қиналмай өтсе еken деп тілеп те отырмын. Міне, дәл үзіліп кетердей төмен құлдилаған сәтінен құй-қылжыта ойнақшыған түрге тез өзгергенде, енді тым жоғары, өте биікке өрлеген тұстарында да дауыс ырғағын құбылтқан әншінің икемділігі мен музика техникасын шебер менгергеніне таң-тамаша қалмасқа лажың жоқ. Алайда бағдарламада көрсетілген әлемдік айтуды В.А.Моцарт, Д.Ж.Вивальди, И.А.Бах, К.Монтерверди, Дж.Пуччини, Ж.Бизе, Дж.Верди, Д.Шуберт, И.Штраус, т.б көптеген композитордың шығармаларын сағаттар бойы бір өзі орындаған әншіні тындағанда отырып, өзінің орындау шеберлігімен Мәскеу жұртшылығын мойындағы тұрған жап-жас жігіттің қазақтың қаралызы баласы екеніне сенерімді де, сенбесімді де білмей әрі бойымды мақтаныш сезімі билеп, әттең мына өнерді менен басқа қазақтар да тындар ма еді деген күйге бөлендім. Осылайша бір әннен бір ән қошеметпен шырқалып жатты. Қолымдағы бағдарламада көрсетілген соңғы әннің ортасынан ауа бергенде ақырын орнынан жылжып шетке беттедім, қызметші гүлімді құшағыма ұстата берді, ән аяқталып, зал ду шапалаққа көмілгенде сахнаға шығып үлгердім.

Мені көрген әнші қуанышты кейіппен өзіме қарай жүріп келіп, «Ой, апай, қайдан жүрсіз?» деп мені құшақтай алды. Гүлді ұсынып, құттықтап жатып, Алматыдан келгенімді, журналист екенімді, кен отырып әңгімелесу қажеттігін айттып үлгердім. «Апай, мынау екі букет қой, біреуін кім жіберді?» деді. Мен 2-ші гүл музика жетекшісі, 80-ге толып отырған ұстазы Н.Л.Дорлиякқа арналғанын айттым. Ерік: «Әне, ақ жағалы қарт әйел, әріп-тестері құттықтап жатыр», – деп біраз адам қоршап алған Дорлиякты көрсетіп, – мына гүлді өзіне тапсырыныз әрі осы қабаттағы сол кісінің кабинетінде кездесейік», деді.

Мен де тездетіп Н.Л.Дорлиякқа жетіп, шәкіртінің табысымен, өзінің мерей жасымен құттықтап гүлді ұсындым әрі әнші мені кабинетінде құтетінің айттым.

Н.Л.Дорлияк жұрттың ортасынан әрең сыйылып шығып кабинетіне мені ертіп барды. Телефоны безілдеп жатыр екен, тындаған соң ректоратқа шақырып жатқанын айттып, шығып бара жатып Ерікке: «Жерлесінмен сөйлесе бер, құттықтауға бармай-ақ қой», деп рұқсат етті.

Осылайша мен бұрын естіп те, көріп те білмеген ерекше құбылыс атанған әншімен алғаш кездесіп, танысқаным бар. Сол кабинеттен қонақүйдегі нөмірге қонырау шалып едім. Сапекен де жаңа келіпті, менің соншама қуанышты хабарымды естіген соң, мен қазір сол жерге барамын консерваторияның алдында Ерікпен бірге кездесейік деді.

Ушеулеп бірге жүріп келіп бір оңаша жерге жайғастық. Ерік Құрманғалиевке екі жақтан сұрақтар қойып, өмір жолымен, өнердегі

табысымен таныстық. Сапекең әнді жақсы айтатындықтан ба, ән айтуды жарататындықтан ба, әнші жөнінде жазуды өз міндетіне алды.

Осы сапарымызда Мәскеуде бірталай белгілі азаматтар: Қазақ елі үшін елеулі еңбек еткен, халықтың жүргегінде ірі қайраткер тұлға ретінде сақталған Н.Оңдасыновты, атақты тарихшы Е.Бекмахановтың ізін жалғастыруши қызы, тарих ғылымдарының докторы Н.Бекмаханованың, филология ғылымдарының докторы Мұсаевтың, Одақтық жол қатынасы министрінің орынбасары Н.Есенғариннің, ғалым Абдуллаевтың және т.б. көптеген қазақ азаматының сонда еңбек етіп, тұрып жатқанын анықтадық. Оған жоғары оқу орындарындағы қазақ студенттерді қосқанда 2000-дай қазақтың Мәскеуде тұратындығы белгілі болды. Соған қоса ең басты жаңалығымыз, сол кезге дейін Қазақстан үшін беймәлімдеу, бірақ талай шетелдегі конкурстардың женімпазы тіпті «феномен» атанған сирек дауысты Ерік Құрманғалиевті аштық. Сондай-ақ мұнда Әлия Молдағұлова атындағы мектеп, онда мұражай, Қазақстан атындағы кинотеатр, «Қазақстан» аталатын магазин және Домодедова аэропорты бағытында «Қазақстан» атты мейрамхана бар екен. Мейрамханаға азық-түлік ұшақ арқылы Қазақстанның жеткізіліп тұрған. Сонымен Сапекең екеуміздің әзірлеген «Москвадағы қазақтар» деген тақырыптағы мақала, очерктер журналдың 18 бетін қамтыды.

Көп ұзамай Президент С.Әбділдин, Абдуллаев, Н.Есенғаринді елге шақырып, оларды лауазымды қызметке тағайыннадады. Сондай-ақ Саудабаевтың Мәдениет министрі кезінде әнші Ерік Құрманғалиев Алматыға шақырылып, бір кеш концерт беріп кеткені бар. Сол концертке біз де барып, сонында Ерікке жолыққанда ол өзінің асығыс келгенін, бір күннен кейін шетелде вокалистердің халықаралық конкурсына баратынын, таңертең Мәскеуге қайтып кететінін айтты. Міне, осы кездесуден кейін Еріктен хабарымыз болмады. Әнші жөнінде очерк жазған Сапекең де дүниеден озды.

Ойламаған жерден 2007 жылы жас әншінің де қайтыс болғанын газеттен оқып қабырғам қайысты. 47 жас деген тіпті әншінің бар қырының терең ашылып та үлгермеген шағы ғой, амал не?

Енді, міне, ақын Маржан Ершудың газеттегі мақаласынан Ерік Құрманғалиевтің кейінгі тағдыры жөнінде: – Тұған жерге тамырын жая алмаған есіл талант өзі еріксіз тап болған қоғамнан да өзекке тебер соққы алып, шуылдақ тобырдың қақпақылына жем болып кете барды – деп жазғанына қарағанда әншінің тағдыр тоқпағына, көңіл дағдарысына ұшырағаны да байқалады. Мәскеу жүртшылығын әлемдік музыка әуеніне бөлеген, талай рет сүйсіне қол соқтырған «феномен» әншіге 2 метр жер бүйірмеганы, жерлеуге адам табылмағаны да түсініксіз жайт.

Еріктің сирек таланттына тәнті болып ерекше құрметтеген атақты Пьер Карденнің Парижден Москваға ұшып келіп, оны жерлеумен айналысы, тіпті қала мәрі Лужковқа шығуы талантты талант қана жете танитындығының дәлелі емес пе? Атам қазақтың «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген аталы сөзі бекер айтылмағандай. Егер тамаша талантты әнші өз елінде болса өмірінің соны да былай аяқталmas еді ғой.

Кім білсін, бір кезде Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияға түсуге келгенде Еріктің дауысын тануға Дорлияк секілді маманның жетіспеуі де әсер етті ме? Әлде өнерде өз бақытын тапқан жерден айналып шыға алмады ма?!

Ерік бізбен әңгіме үстінде екі қызының барын, әйелі татар тумасы екенін, ата-аналарының мамандығы дәрігер, Атырау қаласында тұратынын айтып еді. Ерік дүние салғанда бұлар қайда, тіпті түсініксіз.

Әрі-беріден кейін шын таланттың өнері – халықтың еншісі емес пе? Сондықтан таланттың еңбегін бағалау, қадіріне жетіп мадақтау туған халқының ісі. Рас, туған жерден алыс жерде болғандықтан елі оның шын таланттын тани алмады, қызықтай алмады, бір уыс топырағын да сала алмады. Бірақ «ештен кеш жақсы» дегендей өз топырағымыздан жаралған есіл талантты есте сақтау үшін ақын Маржан Ершудың ұсынысына мен де қосыламын. Мақаласында атап көрсетілгендей әншінің туған ауылы Құлсарыдағы музика мектебіне Ерік Құрманғалиевтің есімі берілсе әрі Атыраудағы Ерік тұрған үйге ескерткіш тақта қойылса деген тілегін мен де қолдаймын. Есіл талантты мәңгі есте сақтау – елдігіміздің белгісі емес пе?

Құләш БЕЙСЕНБИЕВА,
Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, зейнеткер